

### Р.Бердібай роман жанры туралы

«М.Әуезов – кеңестік болмыс жағдайында шыншыл шығарма жасаудың мүмкіндігі шағын екенін ерте баста түсінген суреткердің бірі. Сондықтан да ол көптеген қаламгер әріптестер секілді «ұрымтал» тақырыптарға әуестенбей, өзінің бағын тарихи және фольклорлық тақырыптардан іздеді»[1;148.]. Ұлы суреткер өз ұлылығын көрсетіп, дүниеге Абай ақын арқылы ұлтын танытып, жүрек түкпіріндегі сырларын да сонымен жеткізгені мәлім. Романмен бірге романды тануға ұмтылған ғылыми еңбектер жазылды. Романның жанрлық ерекшелігіне сәйкес, тарихи романды зерттеу дағдысы қалыптасты. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінде, 1960 жылдардан кейін тарихи романдар легі дүниеге келді. Қазақ әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымы да ерекше тақырыпқа ықыластана зер салды. Жазушы мен зерттеушінің жүрек қалаулары үндестік тапқандай әсер етеді. Роман теориясындағы автордың ойы мен қаһарманның ойы бірігіп, бірге сөйлейтіні сияқты қазақ романтау ғылымында тарихи романдар туралы жанды зерттеулер белең алды. «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы тек роман жанрының ғана емес, жалпы әдебиетіміздің де кемелдену көрсеткіші. Өзінің қаламдас әріптестерінің шығармашылық тәжірибесін меңгере отырып, М.Әуезов қазақ әдебиетіне үлкен жаңалықтар әкелді, оның роман-эпопеясы реалистік шеберлік деңгейі жағынан әлемдік әдебиеттің алдыңғы шебіне шықты. Ұлы жазушының шыншылдық, психологиялық дәлдік, характердің даралық келбетін объективтік өмір ақиқатымен ұштастыру жолындағы табыстары күллі суреткер қауымға үлгіге жарады»[2;311.]. Міне, осындай өзгеше сипатымен дараланған романды сөз еткен ғалымдар тарихи тақырыптың заңдылығына соқпай кете алмасы анық. Қазақ тарихи романдарының тереңірек зерттелуі де осыдан келіп шыққандай.

Романды іштей түрге бөлгенде әлі басы ашылмаған даулы мәселелер бой көрсетіп жатады. «Психологиялық роман, детективті роман, фантастикалық роман, ... роман-ғұмырнама, ...роман-монолог, роман-документ, субъективті роман, объективті роман, полифониялық роман – бар ма осылар?»[3;311]. Әлеуметтік-психологиялық роман, роман-диалог қазақ әдебиетінде жазылды. 1986 жылдағы ұлт азаттық көтерілісті сөз еткен деректі романдар роман-документ деген атауға жақындайды. Роман жанрын әр қырынан сөз еткен ғалымдар өзгеше атаулар да ұсынып жүр. Бұның бәрі романның ішкі түрлерін бөлуде әлі анықтық жоқ дегенге саяды. Романды өз ішінен түрлерге бөлудің қажеттігін академик Р.Бердібай былай түсіндіреді: «Шығарма талдағанда тарихи жанрдың өз ішіндегі айырмашылықтарды елемей, бір ғана өлшеммен жалпылама қарау шындықты ашуға көмектеспейді. Ол былай тұрсын, жанрдың жігін есептемей сөйлеу, үкім айту жаңсақтыққа соқтырады»[2;114.]. Мұнда ғалым бір түрдің ішкі ерекшеліктеріне мән бергендей. «Тарихи проза жанрының ішінен тарихи роман, тарихи-биографиялық роман, тарихи-революциялық роман, роман-хроника, тарихи-ұлттық роман деген сияқты салалар жіктеледі»[2;114.].

Роман түрлері оның негізгі мазмұнына қатысты болып шыққандай. Роман жанрын қалай айқындау керектігін академик Р.Бердібай былай көрсетеді: «Шығарманың жанр ерекшелігін материалдың сипаты, авторлық аңсар, эстетикалық мұрат секілді шарттар

белгілейтіні аян»[2;123-124.]. Эстетикалық мұрат дегенде идеясын жүзеге асыру үшін өзі таңдаған форма, формаға негіз болар характердің жасалу әдістері екені түсінікті. Олай болса, М.М.Бахтин пікірімен сабақтасады. Романда айтушы, автор, кейіпкерлер сөздерінің баяндалу ерекшелігіне қарай роман жанрын анықталуға тиіс деген ойға келетіндей. Ғалымның «Жанталас» романының жанрлық ерекшелігін түйіндеу үшін келтірген көп тиянақтары біздің сөзімізді дәлелдейді. «Сөз болып отырған романның жанрлық ерекше бітімі бар дедік. Мол оқиға мен көп кейіпкерді шетінен толық суреттеу бір шығарма көлемінде мүмкін еместігін ескерген автор негізгі күшті баяндау мен айтуға салады. ... «Жанталас» романының бүкіл оқиғалық, сипаттамалық, талдау, көркемдеу жүгін екі ғана айтушы – автор мен шежіреші қарт Бұқар жырау әңгімесі арқалаған. Осыдан барып шығармада айтушы қызметі маңызды орынға шығады. Қандай көркем туындыда да айтушы, баяндаушының дәнекерлігі елеулі орынға ие. Дегенмен, «Жанталаста» айтушы уәзипасы мүлде өзгеше. Бұл ретте жазушы ауыз әдебиетінің өміршең дәстүрлерінен үйрене білгендігін атап өтер едік. Түрік-моңғол халықтарында ертеде эпосты, жырды бір емес, екі жыршы қатар айтатын, бірін-бірі толықтырып, кезектесіп сөйлейтін әдет болған. «Жанталаста» тарихи оқиғаларды кейде Бұқар жырау, кейде автор жалғап, өрбітіп отыратындығы сол фольклор тәсілін еске салады» [2;123-124.].

Ғалым романның жанрлық ерекшелігін айқындайтын айтушы қызметіне ерекше мән береді. Осыдан келіп романның бұрын-соңды қазақ әдебиетінде болмаған жаңа түр қалыптасқанын бірінші рет дәлелдейді. А.Байтұрсынов айтқан роман жанрының негізгі сипатын толық қуаттап, талдай түсіндіреді. «Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек»[4;450.]. А.Байтұрсынов әдебиетті ауызша, жазбаша түрге бөлмейді. Ал, ғалым Р.Бердібай осыны дәлелдейді. Жазба романға ауыз әдебиетінің түрлерін кірістіруін көптеген сыншылар терістеп жатқанда, оның роман заңдылығы екенін дәлелдейді.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан кейін 1986 жылдың атақты оқиғасына дейін қазақ қоғамында өзгеше психологиялық жағдай болды. Соғыстан кейін жоғары оқу орындарында оқыған жастарда, ұлт зиялыларында өз ұлтының мәдениетіне құмарту, соған ынтықтық көрініс береді. Археологияда, философияда, этнографияда, ән өнерінде, т.б. үлкен жаңалықтар ашылады. Соның нәтижесіндей болып, тарихи тақырыптарға прозалық шығармалар жазыла бастайды. Көптің көңілінен шыққан бұл романдар ұлттық рухтың сілкінісіне алып келді. Өйткені бұл романдарда «өзге мамандар түгіл тарихшылардың өзі де әлі күнге дейін жете зерттеп болмаған кезең»(Р.Бердібай) сөз болды. «Халықтың парасат, кәметі артқан сайын қазіргі халін де, өткендегі тарихын да тереңірек, толығырақ білуге ден қоятыны мәлім»[2;113.]. Олай болса, бастарына түскен сан түрлі зұлматтан есін жинаған қазақ халқының кәметтігін танытатын тарихи романдар жазылды. Осындай романдарға сын жазудан басталған мақалаларда әртүрлі қорытындылар, тұжырымдар жинақталып, үлкен зерттеулерге ұласты. Қазақ романтау ғылымында тарихи роман теориясы жақсы зерттелді деуге болады. Бұл романның өзіндік ерекшелігіне ғылыми сипаттама жасалды. Әлем әдебиетінде тарихи роман жанрын ағылшын жазушысы Вольтер Скоттың бастағаны мойындалған. Бұл әрине, жазба романға байланысты шығарылған қорытынды. Содан бері қаншама романдар жазылып, оған бағалар берілген. Ғалымдар еңбектеріндегі шолуды қайталамай-ақ қазақ жазба әдебиетіндегі тарихи романдар туралы зерттеулердің өзі ауыз толтырып айтарлық. «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» атты 1957 жылы ұжымдық еңбек, Ғ.Мүсіреповтің «Суреткр

парызы» 1970 жылы, М.Қаратаевтың «Шеберлік шыңына» 1963 жылы, «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» 1965 жылы, «Мұхтар Әуезов» 1967 жылы, З.С.Кедрина «Из живого источника» 1960 жылы, Е.Ысмайылов «Сын және шығарма» 1960 жылы, А.Нұрқатов «Мұхтар Әуезов» 1957 жылы, «Мұхтар Әуезов творчествосы» 1965 жылы, Е.В.Лизунова «Современный казахский роман» 1964 жылы, «Мастерство Мухтара Ауэзова» 1968 жылы, Б.Шалабаев «История казахской прозы», т.б.

Тарихи романның атына сай, онда тарихи фактілер алынады да, роман заңына сай ол фактілер эстетикалық мәнге айналады. Ғалым Г.Ленобль тарихи романның басты принципі тарихи күрестердің адамдар тағдырына әсерін айту деп қарайды. Ғалым Р.Бердібай: «Халықтың тарихи белсенділігі, тарихи қажеттілік, бұқараның, ірі қайраткерлердің істерін кең қамту; тарихтың жауапты, ұрымтал тұстарын көрсету, белгілі адамдардың ақиқат тарихи мәнді істерін, тұлғасын ашу; ..халықтың бұрынғысы мен бүгінгісінің жанды байланысын көркем бейнелер арқылы ашады»[2;3-4.],- деп нақтылайды. Жазылып жатқан тарихи романдардың өз ерекшелігін танып, романның жаңа түрі жазылғандығын жария етіп, рухани мұраға қосылған шығарманың жетістігін де кемшілігін де атап көрсетіп, роман теориясын да толықтырып жатқан сол бір кезең қазақ әдебиетінің жемісті жылдары екенін мойындайсың.

І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы - кезінде көп сынға іліккен туынды. Оның жанрлық ерекшелігін танымаған сыншылар дұрыс баға бере алмаған. Тарихи роман болғанымен, барлығын бір өлшеммен өлшеуге болмайтыны осы жерден анық байқалады. «Абай жолы» да - тарихи роман. Бірақ екеуіне бірдей талап қоюға болмас еді. Себебі «Абай жолы» - әлеуметтік-психологиялық роман. «Көшпенділердің» одан өзгешелігін ғылыми дәлелдеу күн тәртібінде тұрды. «Бұл шығарманың «сүйегі» түрлі түрлі кітаптар, колжазбалар, шежірелер арасында шашырап жатқан анық фактілерден құралатындықтан және оқиғалардың жылнамасы сақталғандықтан, мұны роман-хроника деп атаған абзал» [2;116.]. Роман жанры хроникалық болғандықтан, оның суреттеу әдістері де өзгешелеу болып шығады. Тек сол шарттылықтармен баға берілсе, роман әдебиет тарихындағы өз орнын алмақ. Ғалым әр романның бағасын оның «ішкі заңдылықтары тұрғысынан тексерген жөн» деген салмақты ой айтады. Хроника терминінің мәні түсінікті. Белгілі уақыт аралығындағы тарихи оқиғалар тізбегі қамтылуға тиіс. Жеке адамдар өмірін түгел қамтуға міндетті емес. Сонымен бірге роман талабы, көркемдік шындық естен шықпауға тиіс. Роман-хрониканың өз ерекшелігіне сай анықтамасын береді. «Тарихи оқиғалардың ағынын белгілі адамдар, топтар өмірімен табиғи бірлікте әңгімелей білу, сол арқылы әрі тарих, әрі шығарма міндетін «қатар» алып бару бұл жанрдың ерекшелігі болса керек» [2;116.].

Қазақ ұлты өз тарихын ұрпағына тарих оқулықтарымен емес, жырлармен, аңыз әңгімелермен танытқаны белгілі. Ілияс Есенберлин - кеңестік дәуірде осы қадамға барған бірінші жазушы. Ол - архивті сүзіп, аңыздар мен шежірелер, ел аузындағы әңгімелерді жинап, тарихи жырлардың тағлымын көңіліне тоқып, роман жанрының бар мүмкіндігін пайдаланып, ұлттық рухқа сәуле түсірген қасиетті жан. Бұл кезеңдегі тарихи романдардың ұлт алдындағы құны өте жоғары. Жанына жақын тақырып, көңілі сүйген жарық сәуле ғалымдардың да бұл тақырыптағы романдарға баса назар аударуы түсінікті. І.Есенберлинге «тарихшылық пен беллетристикті әдемі ұштастыра алған»(Р.Бердібай), - деген баға беріледі. Бар мүмкіндік жазушыларда қалғаны да шындық. Өз тарихын көркем шығарма етіп жазып, ел арасына насихаттаудан басқа жол қалмады. Жазушы қазақ

тарихындағы ірі мемлекеттік мәселелердің шешімін бүгінгі күн үшін де айтудың әдісін романға фольклор жанрын кірістіру арқылы дұрыс шешкен. Суреткер ақындар сөзімен негізгі идеяны танытуды мақсат еткен. Ғалым жазушының таңдаған әдісін толық қолдап, сонымен бірге романға ғылыми теориялық талдаулар жасаған. Роман жанрында бірінші рет ауыз әдебиеті жанрларын өз қызметімен енгізілген. Айтыс – «ең демократиялық жанр»(Р.Бердібай), екі ақын шындықты айтса, оған ешкім дау айта алмаған. Жазушы айтыстың болуы ықтимал себептерін де нанымды көрсеткен. Әбілхайыр ханның ұлының асында үлкен жиында айтыс өтуі әбден мүмкін. Айтыстың демократиялық қасиетін пайдалану үшін игі жақсылар жиналған келелі жиында Қотан мен Қазтуған жыраулардың айтысы болған. Оқиға сенімді баяндалған. Автор айтыскер ақындар сөзімен негізгі идеясын айтқызады. Бұл - романның жаңалығы ретінде бағаланған. Тарихи романға тән қасиеттердің бірі – тарихи шындықтың көп бұрмаланбауы. Романның бұл қасиетіне де тоқталады. «Қазақ тарихындағы ірі қозғалыстың ішкі тетіктерін саралап көрсетіп, сарқып айта білуі, көптеген кейіпкерлердің жанды тұлғасын жасауы – жазушының шығармашылық батылдығын, ізденгіштігін сипаттайды. Бұл роман қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпты меңгеру жолындағы ұнамды құбылыс»[2;123.].

Тарихи роман авторы тек оқиғаны баяндаушы емес, оның себебі мен салдарын терең түсінетін тарихшы да болуы керектігіне меңзейді. Романшы ретіндегі суреткерлік сапасына да соқпай өтпейді. «Суреткер схема кейіпкер жасаудан бойын тартып, қаһарман басындағы жақсылық пен жамандықты айыра көрсеткен. Кенесарыны көп жерде көтере, кейде оны қызықтап кететін автор сол кейіпкердің басындағы мінін де жасырмай, жеріне жеткізе әшкерелеп отырады. Кейде дұшпандарының, кейде достарының аузымен Кенесары істеріне қатал үкім айтылып жатады. Бейнелің диалектикасын беруі – суреткердің ұсталығына куә»[2;123.]. Тарихи роман ғой деп көркемдігіне, көркем шығарма ғой деп ондағы тарихи оқиғалардың шынайылығына нұқсан келмеуін қадағалай тексереді. Әсіресе, ауыз әдебиетіндегі жанр түрлерінің жаңа романға кіріктірудегі сәттіліктерді, бірнеше жанрдың синтезінен шыққан жаңа түрдің қалыптасу заңдылығын, қазақ тарихи романының теориялық беттерін жазады.

Ауыз әдебиетіндегі дайын әңгіме, аңыздарды романға қоса салу – көркемдік әдіс емес. Оны қалай «жаңғырту» керек? «Мұнда да аңыз, шежіре, жазба тарих әңгімесі әлеуметтік, психологиялық талдаумен ұштасып жатады. Аталған екі кітапта да ауыз әдебиетінің, эпостық бейнелеу тәсілдері күрделі орын иелейді, айтушының, баяндаушының қызметі ерекше күшті. Бірақ мұндай сырт ұқсастықтармен қатар бұларда мықты айырмашылықтар да кездеседі»[2;124.]. Аңыз, шежіре, жазба тарих болған оқиғаны ғана баяндайды. Ал, олар романға кірістірілгенде оларға әлеуметтік психологиялық талдаулар арқылы бүгінгі күнмен үндестіріледі. Роман талабына сай себептері мен салдарлары түсіндіріледі. «Аңыздар мен шежірелер шығармада жеке өзіндік қызмет атқармайды. Баяндаушы автор сол тарихи аңыздардың дәнін, негізгі ұйтқысын және бағытын ашуға ұмтылады»[2;131.]. Бұл өз алдына сөз болатындай-ақ шеберлік. Өйткені қазақ ұлттық әдебиетінің қайнарлары тым тереңде екенін, ондағы суреттеу құралдарының сонша күрделілігін, қазақтың көркемдік ойлау жүйесінің өте жоғары дәрежеде дамығандығын бұл тілдің ұлттық нәрін сезінбеген, тек аудармамен оқитын өз ұрпағымыздың да қабылдауы екі талай. Роман-хрониканың тағы бір ерекше қырын түсіндіреді. «Әдеттегі әлеуметтік-психологиялық роман шартымен өлшесек, мұнда көркем тұлғаның тарихы, қалыптасу жолы дейтіндей жүйелі суреттеулер, мінезді бірте-бірте

ашып отыратын сюжеттік жүрістер жиі кездесе бермейді»[2;125.]. Зерттеушілер Л.Толстойдың эпопеясының ерекше құндылығы ретінде ондағы «жан диалектикасының» көрінісін айтады. Ғалымның жоғарыда айтып отырған «көркем тұлғаның тарихы, қалыптасу жолы» осы «жан диалектикасының» суреттелу мүмкіндіктеріне апаратын жол. Көркем тұлға осылай өсу, қалыптасу үстінде көрінбесе, ол роман емес деп айтуға да негіз бар ма? Романның жанрлық ерекшелігін айқындау, соған орай баға беру қажеттігі осыдан шығады. Л.Толстойдың, М.Әуезовтің романдары әлеуметтік-психологиялық романдар. Оларға қойылар талап пен роман-хроникаға баға беру қателікке ұрындыратынын бірден ескертеді. «Жанталас» романында халқымыздың бірнеше ғасыр көлемінде бастан кешкен сұрапыл қиындықтары, тыныштық пен тәуелсіздік үшін күрестері кейде шежіре, бірде аңыз ретінде баяндалады.

Екінші сөзбен айтқанда, мұнда көркемделген тарих немесе тарихи–публицистикалық очерк сипаты басым»[2;131.]. Жазушы мақсаты - бірнеше ғасырлық қазақ тарихындағы жеке ел болу, оны жат күштерден қорғау, ел бірлігі мен ынтымағын, кең байтақ жерді сақтаудағы ұлтымыздың жан қиярлық ерлігін көрсету. Осы игі мақсатты жүзеге асыруда ұйтқы болған хандар, батырлар, билер мен ақын, жыраулар өмірлері негізге алынған. Бірақ олардың әрқайсысының характерінің дамуын түптей суреттеп отыруға роман жанрының мүмкіндігі аз. Төрт ғасырдан астам тарихты сүзіп шығуға хроникалық баяндау әдісі ғана мүмкіндік берер еді. Бұған қарап, романда адам характері мүлдем ашылмаған деуге болмайды. Онда ол роман талабына жауап бере алмас еді. Жанр өзгешелігіне сәйкес, автор кейіпкерлерін оңтайлы әдіспен суреттеуге мүмкіндік тапқан. Ол – ұзақ тарихты екі айтушы аузымен баяндату. Осы баяндаудың ерекшелігі – романның көркемдік қырын түгел көтеріп тұруында. «Бірақ бұл құрғақ баяндау емес, бояулы, нақышты, адам мінезі мен әрекетінің түпкі сырын паш ете алатын күрделі, қызықты, ғибратты әңгіме. Қаһармандардың түр келбеті де, сөйлеген сөзі де, ойы да, тартыс, қайшылық күресі де осынау «баяндаудың» ауқымына сыйып кеткен» [2;130.].

Сондықтан бұл шығарма - әрі хроникалық тарих, әрі көркем туынды, өзгеше бітімі мен өзгеше түрі бар көркем дүние. Мұндай романның жаңа түрінің пайда болуына қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігі себеп болғандай. Көзіне ілінгенді сөзбен бейнелейтін тілге шебер бабаларымыз өткен тарихын жазып қалдырмаса да, ұрпақ жадына ұмытылмастай сіңіріп кеткен. Аңыз, жыр, толғау, жоқтау, шешендік сөздер, айтыс, тарихи әңгімелер мен ертегілерде зер салған адамға қанша «тарих» жатыр. І.Есенберлин - осы мүмкіндікті бірінші рет роман жанрында пайдаланған қаламгер. «Атап көрсетерлік бір мәселе сол – шығарма фактілер мен қиялдап айтулар бірлестікке, көркемдік шындық деңгейіне көтерілген. Кейіпкерлердің іс-әрекетінің нақтылы жүйесін емес, сол құбылыстардың мәнін ашуға көңіл бөлінген, психологиялық талдаулардан гөрі тұжырымдап, шолып, шежірелеп айту басым шыққан. ... Қазақ әдебиетінде аңыз-роман, роман-хроника немесе көркемделген тарих деп атарлық жанрдың пайда болуын кездейсоқ, таң қаларлық құбылыс деп қарауға болмайды. Ауыз әдебиеті дәстүрі бүгінге дейін қатарласа өмір сүріп келе жатқан қазақ әдебиетінде мұндай «аралас» жанрлар орын тебуінде ерсілік жоқ»[2;132.]. Аңыз роман, роман-хроника жанрының табиғаты туралы ғалым Р.Бердібайдың осы қорытындылары бұл жанрдың теориясына толық жауап береді деп есептейміз.

І.Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясы да жанры жағынан синтезделген романдар қатарынан орын алады. Мұнда да автор «Көшпенділерде» қолданған әдісін

кеңінен пайдаланған. «Трилогияның көп жерлері тарихи аңыздардан құралғанын көреміз. Ел арасында айтылып келген аңыз, әңгіме, тәмсілді суреткер еркін пайдаланған. Ал, орыс, қазақ, иран, монғол шежірелерінің материалы шығарманың негізгі сүйегін қалаған. «Алтын Орданың» оқиғалық кестесі тарихи хроникадан, шежіреден және аңыз аңыз әңгімелерден тұрғанын алдымен айтқан болар едік [2;142.],- дейді Р.Бердібай.

Тарихи роман шартының бірі – оның құжаттамалық деректерге негізделуі екені мәлім. Ғалым трилогияның құжаттамалық деректерінің қайдан алынғанына сілтеме жасайды. Мұнда да, шежіре, тарихи аңыздар романнан көп орын алады. Бірақ сол қалпында олар роман бола алмайды. Оны романға айналдыратын - жазушы шеберлігі. «Егер тарихи аңыз әңгімелерде құбылыстардың тізбегі, кезегі, нәтижесі ғана айтылып келген болса, әлеуметтік, психологиялық талдау олардың ішкі себептерін аша түскен»[2,143.]. Дайын фольклорлық мәтіндерге жазушы әлеуметтік, психологиялық талдаулар қосады. Бұдан шығатын қорытынды – жаңа романның ауыз әдебиетін қабылдауындағы, синтезделуіндегі заңдылық: жазушы ол құбылыстардың себебі мен салдарын танытатындай талдаулар жасай алуы керек. Әрі әлеуметтанушы, әрі психолог сонымен бірге көркем сөз зергері болуға міндетті. Ғалым бұл трилогияда автор адам тағдырынан гөрі, «құбылыстардың нағыз диалектикасын» көрсетеді. Яғни, романда алып империя Алтын Орданың құрылуы, дамуы, күйреуі сияқты тарихи құбылыстың диалектикасын баяндап шығуды мақсат текен. Бұл да - үш ғасырға созылған үлкен уақыт пен алып кеңістіктің тарихы. Соншалықты ауқымды тарихты романға сыйғызу үшін автор соған лайық түр іздегені анық. Мүмкін, жиналған мол материалдар мен сансыз көп мәліметтер өзіне лайық түр тапқан болар. «Алтан Ордада» фольклор мен жазба әдебиет дәстүрі бірлестік тауып, бірін-бірі толықтырған, бірі екіншісіне сәулесін түсіріп, жаңа сапаға жеткен, ауызекі және жазба әдебиеттің жақсы мүмкіндіктері қайталанбас синтез құраған. Ғасырлар бойында халық санасында екшелген тарихи аңыздың өзі бағалы, тартымды шығарма ғой. Ал оның үстіне жазба әдебиеттің талдағыштық, аналитикалық сыпаты қосылғанда құбылыстардың нағыз диалектикасы көрінеді. Трилогияда тарихи аңыз қаһармандарының портретінен бастап ішкі монологтарына дейін кездестіреміз. Роман – тарихи аңыздың жаңа түрі, аңыз роман, шежіре роман болып шыққан»[2;143.]. «Табан тірейтін негізгі түбір оқиғалары бұрыннан қанықты бола тұрса да суреткер оларды жалаң қайталамайды, өмір мен мінездің өз «ағысын» көркемдік қиялға бөлеп, таныс бейтаныстық деңгейге көтерген. Қандай оқиға нендей жағдайдан туды, қалай өрістеді, қалайша шешілді деген мәселенің бәрі көркемдік жинақтау заңдылығына орай көрсетілген. Осы себептен де шығарма тарихи роман талабына толық жауап берерлік сипатқа ие болған» [2;254-255.].

Ауыз әдебиетіндегі тарихи әңгімелер мен шежірелердің ерекшелігі мен романдағы суреттелу заңдылығын да тағы бір тұйықтай түседі. «Шежіре болып өткенді тұжырымды түрде баяндаса, роман оқиғалар мен адамдар тағдырының жолын, мінездің қалыптасу, жетілу процесін нақтылы терең көрсетеді»[2;255.]. Тарихи деректің қайсы түрі болса да жоғарыдағыдай, «болып өткенді баяндайды», ал көркем романда сол тарихи шындықтың көркемдікке жеткен көрінісі суреттеледі. Осыдан келіп романдағы тарихи шындық пен көркемдік шындық мәселесі сөз болады. Роман жазушыларының жетістігі де, кемшілігі де айқындалатын тұстың бірі осы мәселенің шешімінде болады. Роман зерттеушілерін де тереңірек толғандыратын танылуы да оңайға соқпайтын суреттеу сыры осы мәселеде жатады. «Образдың нанымдылығы» деп ғалымның көп ескертпесі айтылатынын бұрынғы

романдарға қатысты ойларында келтіргенбіз. Қандай роман болмасын, ондағы іс-әрекеттердің нанымдылығын қарапайым оқырман да байқап отырады. Осы талаптың орындалуын әсіресе, аңыздар мен тарихи әңгімелерді негізге алған романист қатан ескеруге міндетті. Аталмыш романдардың көркемдік биіктігі де осынысымен есептеледі. І.Есенберлин романдарында аңыз және тарихи әңгімелер кейіпкерлері нанымсыз дәрежеде емес, тарихи дәуірдің шындығына сәйкес суреттелген деуге болады. Автор оларды әбден «қырнағаны» айқын көрінеді. Қазақ ұлттық тарихындағы ірі тұлғаларды социалистік реализм шеңберіне сыйғыза алмаған жазушыға бұл керек те болған сияқты. Оларға кара бояу жағылуын талап еткен заман қыспағынан шығу үшін жазушы төре Қоңырқұлжаны әйелі Зейнепке, оның ұлы Шыңғысқа қатысты оқиғаларымен тым нанымсыз жауыз деуден гөрі жиіркенішті етіп көрсеткен. Ғалым Р.Бердібай бұған сілтеме жасап кетеді. Ар ұялар істі суреттеуде жазушыларға асығыстық жасамауға, ұлттың қасиетіне нұқсан келетін тұстарда абайлау керектігіне ескерту бергендей... Ал, карақалпақ жазушысы ұлтының қастер тұтқан тұлғасын сол әпсанадағы биік тұрғысынан төмендетпей көрсеткен. Мұны ғалым кемшілік деп есептемейді. Халық жадымен есептесу, оны құрметтеу деп ұғыну керек. Үлгі тұтуға тұрарлық ғажап таным. «Халық жадында бұл адамдар қалай қалыптасса, жазушы да оларды сол деңгейден төмен түсірмеуге талаптанған. Басқаша айтқанда, Маман биді немесе Мұрат шайықты аңыз-әпсана шындығы қалай ірілетіп әкетсе, автор да сол ізді ұстанып отырған. Ал нағыз реалистік тәсіл шартымен карағанда, Маман бидің көп әрекеттері сенімсіз, дәлелсіз, біржақтылық болып көрінуі мүмкін. Бірақ фольклорлық үлгіден қалған мінсіз, қателіксіз, нұқсансыз, идеал қаһарман жасау дәстүріне Маман би бейнесі толық сыйысып, жарасып кете алады. Маманның өзі, мінезі ғана емес, оның халық қиялымен ұштасып кеткен келбеті көрінуі роман жанры мүмкіндігінің молдығын да сипаттайды»[2;264.]. Жазушы ауыз және жазба әдебиеттерінің көркемдік дәстүрлерін қатар ұстанғанын ғалым атап өтеді. Романның негізгі шартын да орындағанына маңыз береді. Осыларды жинақтап карағанда, роман теориясына тірек болар негізгі талаптар түгел қарастырылғаны байқалады.

Роман туралы А.Байтұрсынов, М.М.Бахтин концепцияларын өз ішіне толық сіңіргендей. Бірақ ғалым ешбір еңбегінде бұл екі ғалымның да аттарын атап, сілтеме бермейді. Ал, сын мақалалары мен зертеулерінде солардың пікірлерімен толық үндестік айқын көрінеді. Тіпті, 1970 жылдардан бұрын жарияланған еңбектерінде осыны анық көруге болады. М.М.Бахтин зерттеулері ғылымға 1970 жылдары, А.Байтұрсынов еңбегі 1989 жылы ғана белгілі болғаны мәлім. Көркем әдебиеттің өз табиғатын терең түсінгеннен туындаған қорытындылар қай уақытта да пікір айырмашылығын туғызбайтынын дәлелдегендей.

Р.Бердібай тарихи романдарды бірде М.М.Бахтин концепциясы бойынша стиліне қарай, бірде көтерген тақырыбына қарай жіктейтінін көруге болады. Жоғарыдағы роман-хроника, аңыз роман, шежіре роман түрлері бірінші жіктеуге сәйкес келеді. Көшпенділердің екі кітабы: «Алмас қылыш» пен «Жанталас», орыс жазушысы И.Калашниковтың «Жестокий век», карақалпақ жазушысы Т.Қайыпбергеновтің «Маман би әпсанасы» айтушылардың: баяндаушы мен баяндаушы жыраулардың сөздерінен тұрады. Халық жадындағы айтылған оқиғалар хроникалық, шежіре әдісімен көркем баяндаған, соған орай олардың жанрын көтерілген тақырыбына қарамай, баяндау стиліне сай атаған.

Ал бірталай романдарды мазмұнына сай, көтерген тақырыбына қарай тарихи – әлеуметтік психологиялық, тарихи-революциялық, тарихи-биографиялық (ғұмырнамалық), тарихи-мемуарлық романдар деп бөледі. Бұл романдардың ішкі түрлерін бөлуде әлі де бір ізділік жоқ екенін дәлелдейді. Тарихи әлеуметтік психологиялық романдар қатарында М.Әуезовтің «Қилы заман» романы, «Абай жолы» роман-эпопеясы, Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы, М.Мағауинның «Аласапыран», Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң», Ә.Әлімжановтың «Жаушы», С.Елубаевтың «Елім-ай», «Ақ боз үй», Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш», т.б. романдарды қарастырады. М.Мағауинның «Аласапыран» романы да - қазақ роман тарихында өзгеше орын иемденген көркем туынды. Оның жарық көруінің өзінің өзі - «аласапыран». Оған да сол кезеңде дұрыс көзқарас танытқан «санаулы ұлтшылдардың бірі» (М.Мағауинның өз сөзі) Р.Бердібай болуы, ұлт тағдыры мен көркемөнер тағдырын бөле жармай қарайтын, көркем өнердің бар астарынан ұлт тарихын іздейтін ұлтжанды азаматтық болмысы қоса аңғарылады. Бұл романның негізі тарихи жазбалардан алынған. «Оқиғалық желіден көрініп тұрғанындай, романда Оразмұхамед орталық қаһарман сипатында берілген, шығарманың барлық тарауында дерлік оның іс-әрекеті, ой-сезімі, көңіл күйі суреттеліп отырған. Сырттай қарағанда, жеке адамның кездейсоқ тағдыры секілді көрінетін осы бір оқшау тарихтың екі кітаптық роман көлеміне ұласуында қандай заңдылық бар...»[1;393-394.]. Бұл сұраққа жауапты романдағы қазақ-ресей байланысының талдауларымен түсіндірілгеніне сілтеме жасалған. «Романда шебер талданған жүйелі оқиғалық өрістеулер бар» [1;398.],- деп, қаһарманның ірі тарихи тұлға екендігін ескертеді. Тарихшылар бара қоймаған, көпшілік көзінен тасада қалып бара жатқан ұлт тарихындағы елеулі кезеңнің сөз болғанына ғалым ретінде ғана емес, ұлт азаматы ретінде қуаныш білдіреді. Роман теориялық мәселелерінен гөрі тарихтың өнегесінен ғибрат алуға шақырған танытқыштық сипаты басымырақ. Сондықтан романның жанрлық, көркемдік қырларына көп тоқталмаған. «Авторлық бұл баяндаулар оқырманды тарихи біліммен қаруландырады»[70;395.]. Жазушы авторлық баяндауды негізгі әдіс етіп алғанын атап өтеді. Бұл тарихи романның ішіндегі әлеуметтік-психологиялық роман болғандықтан да бұрын айтылған роман қағидаларын қайталамаған болуы мүмкін...

Тарихи мемуарлық романдардың қатарында С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Көз көрген» романдарын атайды. Тарихи- ғұмырнамалық романдарға З.Ақышевтің «Жаяу Мұса», Д.Әбілевтің «Ақын арманы», «Арман жолында», Ж.Молдағалиевтің «Дала қоңырауы», Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», «Ұстаздың оралуы», С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз», «Балуан Шолақ», С.Жүнісовтің «Ақан сері», Ә.Әбішевтің «Найзағай», т.б. романдарына талдаулар жасайды.

Тарихи-революциялық романдар қатарында С.Мұқановтың «Ботагөз», Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», «Ағайынды Жүнісовтер», «Көп жыл өткен соң», З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», А.Нұрмановтың «Құланның ажалы», Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір» романдарына баға береді. Бұлардың тек тақырыптық жағынан ғана бөлінгені болмаса, роман жанрының жалпы талаптарымен талдаулар берілген. Жетістігі, кемшілігі дәл нақты түйіндеулермен берілген. Жеке түр деп қарауға тек алынған тақырыптарын ғана негізгі ұстаным етіп алынғанын ғалым да мойындайды. «Өмір оқиғаларының ішінен таптық тартыс мәселесін алғы кезекке шығарып көрсету, өз мүддесінен еңбекші мүддесін

жоғары қоятын ерлер бейнесін жасау, биік мұраттардың жүзеге асатындығына сенімділік бұларға хас белгілер»[2;297.]. Демек, бұлай бөліп қарастыру романның жанрлық ерекшелігіне сәйкес келмейді. Тек тақырыптық сәйкестігіне қарай бөліністің түрі болып шығады.

Қазақ романдарының ішінде Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы өзгешелігіне ғалымдар көп көңіл бөледі. Бұл роман жоғарыдағы жіктеудің бірінің қатарына қосылмағанын да байқаймыз. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан кейін қазақ әдебиетіне өзгеше құбылыс алып келген роман. «Романның көңіл бөлерлік сонылықтары бар. Бұл оның құрылысынан да, суреттеу мәнерінен де, тіл өрнегінен де айқын көрінеді»[2;194.],- деп, ғалым Р.Бердібай романның бөлек табиғатын түсіндіруге көңіл бөледі. Бірінші ерекшелік – кейіпкерлер санының аздығы. Оқиғалар да мол емес. Бар оқиға - бес-алты сөйлемге сыйғызып айтылатын аңыз. Одан роман сапасы төмендеген себебін тануда жазушының көркемдік әдістері айқындалады. І.Есенберлиннің қазақ тарихына арналған екі трилогиясына қарама-қарсы құбылыс келіп шыққан. І.Есенберлин романдарында уақыт пен онда өткен оқиғалардың ауқымдылығы жазушыдан соны сығымдап суреттеу үшін жаңа әдіс табуға ұмтылдырған. Сондықтан «сол құбылыстардың мәнін ашуға көңіл бөлген, психологиялық талдаулардан гөрі тұжырымдап, шолып, шежірелеп айту басым шыққан»[2;132.]. Ал Ә.Кекілбаев романының өзгешелігі: «Қаһармандардың сырт әрекеттері мен диалогтарын мейлінше азайтып, олардың ішкі әлеміндегі құбылыстар мен толқыныстарды тереңдеп, жан-жақты көрсету мақсаты, оқиға-аңыздың көлемі мен сипаты жазушыны шығарманың құрылысын өзгеше түзуге жетелеген»[2;195.]. Шағын аңыздан түйген терең таным жазушыға жана сипатты роман жазуға көмектескен. Ғалым өзінің көзі жеткен қорытындыны бұл жерде тағы да қайталай есіне алады. « Шығарманың идеясы мен суреткердің көздеген мұраты, оқиға сипаты қашан да композициялық тың шешімдерге апаратынын көреміз» [2;195.].

Романның көркемдігіне, түріне әсер еткен мәселені ғалым ондағы баяндау әдісінен табады. «...баяндау мен талдауды ұластырып, айтушы мен қаһарман ойларын жымдастырып жіберген. Сөйтіп, шығарманың ішкі бөліктері, сурет бояулары арасында да сәйкестік сақталған»[2;195.]. Жазушы стиліндегі өзгешелік романның жаңа түріне алып келгендігін көрсетеді. Ол стильдің ерекшелігін былай түсіндіреді: «Баяндаушы мен қаһарманның «даусы» кейде кезектесіп, кейде қосылып кететіндей болады, әңгімелеу аяғы монологқа жалғасады. Қаһарманның ой қатпарында жатқан, әншейінде айтыла бермейтін, тіпті ең жақын адамдарына да сездірмейтін құпиясы осындай жолмен ашылады. Автор суреттеудің бұл тәсілін бұзбай, мінездеудің тысы мен ішін қатар қамтиды. Соның арқасында қаһармандар тұлғасына нақтылық, нанымдылық бітеді» [2;195.]. Осылай бірнеше дауыстардың үндесуінен, кезектесуі мен қабаттасуынан күрделі мазмұн пайда болады. Енді осыдан келіп шығатын түр ерекшелігін түсіндіреді. «Демек, шығармада белгілі оқиғалар барысы емес, сол оқиғалардың мазмұны мен сипаты айтылады. құбылыстардың себебі мен салдары ақыл таразысынан өтіп, өз бағасын алып жатады» [2;195.]. Романда азғантай оқиғаның аз ғана кейіпкерлердің «ақыл таразысынан өтіп» жататындықтан, адам мінездері терең ашылуға мүмкіндік табылған. Оны жазушы бір-біріне ұласқан монологтар арқылы жеткізген. Әмірші болғандықтан, Алмас ханға қара күйені жағып, авторлық тұрғыдан баға бермеген. Үлкен тұлғаны тануды, бағалауды оқырманның өзіне қалдырып, монологтар арқылы қатты шарпысып жатқан ішкі тартысты көрсеткен. Өмірдің өтпелілігі, мәні мен қасиеті, мемлекет басқару, ел алдындағы парыз,

әділдік, адам мен қоғам қарым-қатынасы, өз өмірі, ұрпақ қамы, т.б. қоғамның жауап күтіп отырған мәселелерін оқырман үшін жұмбақ әлдебір ірі мемлекет басқарушысының ішкі монологымен танытады. Осы орайда көптеген оқиғалар да көз алдына келеді. Әміршінің бір монологын алайық. «Күштіліктің шын аты – мәңгілік. Мәңгілікпен сол бет қарамас алапат күш қана тіл табыса алады. Әлжуаздың ажалы бүгіннен, екі ортадағы дүрегейдің сазайы – ертеңнен, ал атасын танымас алып күштің мәңгіліктің дәл өзіндей ажалы жоқ. Бүгін деген – қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығы. Пенде біткеннің қалтылдақ қайық мінгендей қалтырап күн кешетін бір аясы – тек сол ғана. Олар тек сонда ғана мықтылардың ұстап тұтынғанына көнеді. Ал мықты тегеурінсіз өңшең әлжуаз түк те бітіре алмайды. Бір қолына қорқынышты, екінші қолына үмітті мықтап ұстап, қалғандарды екі ортада әрі-сәрі қылып қоя алатын тегеурін ғана әлжуаз әлсіздікті күшке айналдыра алады»[5;8.]. Бұл сырттай жамандап, келер ұрпақтың алдында ұятқа қалар тұлға емес. Жазушы осыны анық сезінген. «Аңыздың ақырында» өн бойында өріліп жатқан оңаша ойлар (монологтар), дүниенің іші мен сырты, пәни мен бақи туралы тебіреністер бұл айтқанымызға мысал. Жорықтан қайтып, күймеде келе жатқан Алмас ханның ойы жақын мен алысты қатар шарлап, мұңды қорытындылар тауып отырады»[2;200.]. Айналадағы сусып жатқан құмды көріп, өмірдің өтпелілігі туралы, мәңгілік туралы ойлайтын әміршіні қанда қол қарақшы етіп көрсетуге әсте болмайтындай. Романды бастағаннан қаһарманның жалына қол жеткізбес биік екенін аңғартады. Бұл бірте-бірте тереңдей береді. «Жаратқан иенің өзі кедір-бұдыр қып кемшін жаратқан дүниені бұл қалай бір тегіс қыла алады. Жаратқан жалғыз иенің өзі он сегіз мың ғалам өз билігінен шығып кетпесін деп, өз қолынан шыққан жан-жануардың әрқайсысына әр алуан кемшілік пен әлсіздік беріп, сол арқылы тұтымында ұстаса, өз қарауындағы жұмыр басты пенделерді бұл қалай солай ұстап, солай тұтпайды. Құдайдың өзінде бар кемшілікті адам қайталаса, неге күстаналайды. Өзі жаратқан жан иелерінің аласынан алланың өзі сескенгенде, бұл қайтіп сескенбейді?»[5;206]. «Пенделерімнің бәріне бірдей етіп несібелерін бөліп бердім» деген ислам философиясымен сырт қарағанда, таласқа түскендей, екінші жағынан, коммунизм идеяларын әжуалағандай. Осы арқылы автор өзі өмір сүріп жатқан қоғам мәнісін түсінуге жол салады. Роман талабын орындап, бүгіннің сөзін сөйлетеді. Кіші ханыша да еріксіздіктің құрбаны емес, «мәңгілікті» түсініп сезінген, соны жанымен сүйген, өз «мәңгілігінің» заттық белгісін қалдыруды ойлаған ерекше бітімді жан. Бұған мысалды көптеп табуға болады.

Баяндау кезінде көп қырлы дауыстардың қатыстырылуы себепті: «Адам психологиясының иірімдерін көрсету, талдау молдығы жағынан бұл роман әдебиетімізге тың ажар қосарлық туынды. Сонымен қатар «Аңыздың ақыры» өзінің бітімі жағынан философиялық романдардың да реңкін танытады. Кей талданатын қайшылықтар, күдіктер, құмарлықтар, өштіктер қаһарманның ойлары төңірегінде көрінуі бұған дәлел. Тартыс, сюжеттің серіппесі – сезім арпалыстары айналасында емес, іңкәрлік пен нанымның, арман мен борыштың тайталасы негізінде өрістейді деуге болады [2;199.]. Бұл жерде ғалым тағы да стиль жанрды анықтайтынын дәлелдейді. Романның тақырыбы емес, баяндау түрі бойынша роман түрі айқындалатынына қорытынды жасайды.

## Әдебиеттер:

- 1.Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы 3-т. – Алматы. «Қазығұрт». 2005. 448 б.
2. Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы. «Санат». 1997. -336 б.
3. Нұрғали Р. Телағыс. Монография. – Алматы. «Жазушы». 1986. 440 б.
- 4.Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы. «Жалын». 1991. 464 б.
- 5.Кекілбаев Ә. Аңыздың акыры. – Алматы. «Жазушы».1989.

## Резюме

В этой статье рассматриваются труды известного литературоведа, академика Р.Бердибаева, его основные труды о жанрах, особенно о романе.

## Resume

This article describes investigations of genre of romance by famous man of letters R.Berdibay.

## Özet

Bu makalede ünlü edebiyatçı alim, akademisyen R.Berdibayın roman janrı alanında yapılan araştırmaları ve incelemeleri hakkında söz edilir.

*Бұл дәуірде, өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам  
толық мәнді интеллигент емес.*

*М.Әуезов*